## "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үйдің жалға берілетін секторын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 маусымдағы N 503 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үйдің жалға берілетін секторын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

*Жоба*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үйдің жалға берілетін секторын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### 1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж ., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11 , 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; 2006 жылғы 5 қаңтардағы "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 30 желтоқсандағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы Заңы; 2006 жылғы 18 қаңтардағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 19 қаңтардағы " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 10 қаңтардағы Заңы; 2006 жылғы 19 қаңтардағы "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 17 қаңтардағы " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 10 қаңтардағы Заңы):

1) 225-бап мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

"20) тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес жалға берілетін үйлерді үй-жайды жалдау жөніндегі қызмет көрсетулер;";

2) 326-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жалға берілетін үйлерді ұстау үшін сатып алынған жер учаскелері.".

2. "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 17, 101-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"жалға берілетін үй - жеке және (немесе) заңды тұлғаларға меншік құқығына тиесілі, мемлекеттік емес меншік нысанына негізделген билік ету құқығы жоқ жалға беруге арналған тұрғын үй (тұрғын ғимарат), тұрғын үй-жай (пәтер);

тұрғын үйді қосымша жалдау шарты - жалдаушы тұрғын үйді не оның бір бөлігін қосымша жалдаушыға тұрақты немесе уақытша иелену және пайдалану құқығын осы тараптардың шартына сәйкес береді;

қосымша жалдаушы - тұрғын үйді қосымша жалдау шартындағы тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін жалдаушыдан тұрақты немесе уақытша пайдалануға алушы тарап.";

2) 23-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңына сәйкес оларды осы Заңның 67-бабында көрсетілген азаматтарға кейіннен беру үшін жеке тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді (пәтерлерді) жалдауға құқылы.";

3) 24-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Адамның жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайға (пәтерге) қосымша жалдаушылар мен уақытша тұрғындарды қоныстандыруға құқығы жоқ.";

4) 9-тараудың тақырыбы "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 67-бапта:

тақырыбы "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан

жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

"тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

"Оларға берілетін тұрғын үй" деген сөздерден кейін ", жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 70-баптың тақырыбы және мәтіні "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 10-тараудың тақырыбы "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79-баптардың атаулары және мәтіндері "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй", "Мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын үйлеріне", " Мемлекеттік тұрғын үй қорынан (жаңадан пайдалануға берілген немесе тұрғындар босатқан) бөлек тізім бойынша тұрғын үй" және "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйдің" деген сөздерден кейін тиісінше "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй", "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйлерге", "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" және "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйдің" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-тарау. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйлерді жалдаушылардың құқықтары мен міндеттері";

10) 80-бапта:

тақырыбында:

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді қосымша жалдау шарты тұрғын үй беру туралы шешімнің негізінде" жергілікті атқарушы орган мен азаматтың арасында жазбаша түрде жасалады.";

2-тармақта:

"жалдаудың" деген сөзден кейін "(қосымша жалдаудың)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті

атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
3-тармақта:
"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;
"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
11) 81-бапта:
тақырыбында:
"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;
"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартының мәні жеке тұрғын үй болып табылады.";
2-тармақта:
"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;
"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
12) 81-баптың тақырыбы және мәтіні "жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын, "тұрғын үйді" деген сөздерден кейін " немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
13) 83-бапта:
тақырыбы "Жалға алушының" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушының)" деген сөздермен толықтырылсын;
1-тармақ "Жалға алушының" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушының)" деген сөздермен толықтырылсын;
2-тармақта:
"Жалға алушының" және "жалға алушымен" деген сөздерден кейін тиісінше "(қосымша жалдаушының)" және "(қосымша жалға алушымен)" деген сөздермен толықтырылсын;
"тұрғын үйді" деген сөзден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
3-тармақ "жалға алушының" және "жалға алушы" деген сөздерден кейін тиісінше "(қосымша жалға алушының)" және "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;
14) 84-бапта:
тақырыбында:
"Жалға алушының" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушының)" деген

сөздермен толықтырылсын;

"және басқа азаматтарды" деген сөздер алынып тасталсын;

"тұрғын үйге" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйге" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

"Жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үйге" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйге" деген сөздермен толықтырылсын;

", басқа адамдарды" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта:

"тұрғын үйге" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйге" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалдаушының" деген сөзден кейін "(қосымша жалдаушының)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

15) 85-бапта:

тақырыбы "тұрғын үйдің" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйдің" деген сөздермен толықтырылсын ;

1-тармақта:

"Жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "тұрғын үйдің" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйдің" деген сөздермен толықтырылсын ;

16) 86-баптың тақырыбы және мәтіні "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйдің", "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй" және "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді" деген сөздерден кейін тиісінше "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйдің", "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" және "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді"деген сөздермен толықтырылсын;

17) 87-бапта:

тақырыбы "тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан

жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
мәтінінде:
"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
"Жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;
18) 88-бапта:
тақырыбында:
"тұрғын үйде" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйде" деген сөздермен толықтырылсын;
"Жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;
бірінші бөлікте:
"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
"Жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлік "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;
19) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"89-бап. Уақытша болмаған жалға алушының (қосымша жалға алушының) міндеттері
Жалға алушының уақытша болмауы осы Заңның 90-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жалға алу шарты бойынша міндеттерді атқарудан босатпайды.
Қосымша жалға алушының уақытша болмауы оны жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді қосымша жалға алу шарты бойынша міндеттерді атқарудан босатпайды.";
20) 92-бапта:
тақырыбында:
"жалдау" деген сөздерден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;
"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді қосымша жалдау шарты жалдаушының, оның кәмелетке толған отбасы мүшелерінің және жалға берушінің келісімімен ғана өзгертілуі мүмкін, бұған осы Заңда көзделген реттер қосылмайды.";

21) 93-бапта:

тақырыбы "жалға алушылардың" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушылардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

мәтінінде:

"тұрғын үйде" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйде" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 94-бапта:

тақырыбында:

"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлікте:

"тұрғын үйде" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйде" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалға алудың" және деген "(жалға алу)" сөздерден кейін тиісінше "(қосымша жалға алудың)" және "(қосымша жалға алу)" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 95-бапта:

тақырыбы "жалға алушы" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші және екінші бөліктерде:

"жалға алушы" және "жалға алушының" деген сөздерден кейін тиісінше "(қосымша жалға алушы)" және "(қосымша жалға алушының)" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалға алу" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алу)" деген сөздермен толықтырылсын;

24) 12-тараудың тақырыбы "тұрғын үйлерге" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйлерге" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 97-баптың тақырыбы "тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ақы төлеудің мөлшерін осы жергілікті атқарушы орган белгілейді.

1-2. Жергілікті атқарушы орган азаматтардың жекелеген санатының жеке тұрғын үй қорындағы немесе жалға алған тұрғын үйдегі тұрғын үйді пайдаланғаны үшін шығыстарын жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен төлеуге құқылы.

Азаматтар санатының жеке тұрғын үй қорындағы немесе жалға алған тұрғын үйдегі

тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысының шығыстары жергілікті бюджетке жүктеледі, жергілікті өкілді орган белгілейді.";

2-тармақтың екінші бөлігінде:

"(жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа)" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына" деген сөздермен толықтырылсын;

"(жалгерлері)" деген сөз "(қосымша жалға алушылары)" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 14-тараудың тақырыбы "тұрғын үйлерді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйлерді" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 102-бапта:

тақырыбында:

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын жайды немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын жайды жалдаушы (қосымша жалдаушы) (кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен) кез келген уақытта жалдау (қосымша жалдау) шартын бұзуға құқылы.";

2-тармақта:

"Жалдаушы" деген сөзден кейін "(қосымша жалдаушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

28) 103-бапта:

тақырыбында:

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;

"жалдаушыны" деген сөзден кейін "(қосымша жалдаушыны)" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үйді" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

"тұрғын үйлерден" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйлерден" деген сөздермен

толықтырылсын;

"жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

"тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 104-баптың 1-тармағы "тұрғын үйден" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйден" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 105-бапта:

тақырыбы "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мына реттерде:

... мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартының бұзылуы, ал жалдаушы (қосымша жалдаушы) тұрмысқа жайлы басқа тұрғын үй беріліп шығарылуы мүмкін.";

5) тармақша "жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

31) 106-бапта:

тақырыбы "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "жалдаушы" деген сөзден кейін "(қосымша жалдаушы)" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "жалдаушыда" және "жалдаушыға" деген сөздерден кейін тиісінше "(қосымша жалдаушыда)" және "(қосымша жалдаушыға)" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігі "Жалға алушының" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушының)" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігі "жалға алушыны" деген сөздерден кейін "(қосымша жалға алушыны)" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 107-бапта:

тақырыбы "тұрғын үй" деген сөздерден кейін "немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзац "Жалдаушыны" деген сөзден кейін "(қосымша жалдаушыны)" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша "жалдау" деген сөзден кейін "(қосымша жалдау)" деген сөздермен толықтырылсын;

33) 108-баптың тақырыбы және мәтіні "жалға алу" деген сөзден кейін "(қосымша жалға алу)" деген сөздермен толықтырылсын;

3. "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16, 90-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

"20) жылжымайтын мүлік қоры - қызметінің айрықша түрі осы Заңда белгіленген талаптарға және өзінің инвестициялық декларациясына сәйкес осы қоғамның акционерлері оның акцияларын төлеу үшін қосқан ақшаны, сондай-ақ осындай инвестициялау нәтижесінде алынған активтерді, мүлікті және осы Заңмен өзге де рұқсат берілген мүлікті жинақтау мен инвестициялау болып табылатын акционерлік инвестициялық қор.";

2) 4-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жылжымайтын мүлік қоры оның акцияларын ұстаушысына жылына кемінде бір рет акциялар бойынша дивидендтер алуға құқық береді. Дивидендтерді төлеуге жіберілетін ақшаның ең аз мөлшері қордың таза табысының тоқсан процентінен кем болмауға тиіс.";

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Жылжымайтын мүлік қоры тәуекелмен инвестицияланатын қорлар бола алмайды.";

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жылжымайтын мүлік қоры болып аталатын акционерлік қоғамның атауында осы қордың жылжымайтын мүлік қоры болып табылатыны көрсетілуге тиіс.";

4) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші-төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында белгіленген тыйым салу тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвестициялық қорға және жылжымайтын мүлік қорына қолданылмайды.

Қызмет түрі жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікке қызмет көрсету болып табылатын жылжымайтын мүлік қоры тек еншілес ұйымдар құруға құқылы.

Жылжымайтын мүлік қоры қордың активтері есебінен сатып алынған жылжымайтын мүлікті жалға беруге құқылы.";

5) 37-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "Акционерлік" деген сөзден кейін "(жылжымайтын мүлік қорын қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

Мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жылжымайтын мүлік қорының активтерін:

1) үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ осы үйлер мен ғимараттар орналасқан жер учаскелері;

2) үйлер мен ғимараттарға қызмет көрсетуге қажетті өндірістік құрал-саймандар және негізгі құралдар;

3) тізбесі уәкілетті органмен белгілеген ақшалар және қаржы құралдары құрайды.

Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамында жылжымайтын мүліктің салынып жатқан және реконструкцияланатын объектілері, жобалау-сметалық құжаттама болмауға тиіс.

Жылжымайтын мүлік қорының активтерін мүлікке инвестициялау кезінде (бағалы қағаздар мен ақшаларды қоспағанда) тәуелсіз бағалаушы осы мүліктің міндетті түрде бағасын беруге тиіс.";

3-тармақтың бірінші бөлігі "Акционерлік" деген сөзден кейін ", жылжымайтын мүлік қорын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Жылжымайтын мүлік қорының таза активтері құнының кемінде сексен процентін жылжымайтын мүлік құрайды.

Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына кіретін мүлік сақтандырылуға және (немесе) жылжымайтын мүлік қорының осы активтерінің мөлшерінен резервтік қор құрылуға тиіс.

3-2. Жылжымайтын мүлік қорының инвестициялық табысының кемінде елу процентін жылжымайтын мүлікті жалға беру нәтижесінде алынған табыстар құрайды.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамы жылжымайтын мүлік қорының акцияларын тіркеген күннен бастап жиырма ай ішінде осы баптың талаптарына сәйкес келтірілуге тиіс.

Егер жылжымайтын мүлік қорының активтерімен қандайда бір мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына талаптар және (немесе) шектеулер бұзылатын болса, жылжымайтын мүлік қоры осындай оқиға болған күннен кейінгі бір күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға және активтердің құрамын жылжымайтын мүлік қоры активтерінің құрамына осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап алты ай ішінде осы баптың талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.";

7-тармақтың 1) тармақшасы "пай қоры" деген сөздерден кейін "не жылжымайтын мүлік қоры" деген сөздермен толықтырылсын:

6) 39-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жылжымайтын мүлік қоры үшін - қордың активтерін мүлікке инвестициялау

кезінде туындаған тәуекелдердің сипаттамасы, сондай-ақ оларды төмендетуге бағытталған іс-шаралар.";

7) 41-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың 6) тармақшасының талаптары осы баптың 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген шарттарды сақтаған кезде жылжымайтын мүлік қорына қолданылмайды.";

8) 41-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қарыздың кез келген түрі бойынша жылжымайтын мүлік қоры активтерінің есебінен өтелуге жататын берешектердің жиынтық көлемі жылжымайтын мүлік қорының таза активтері құнының алпыс процентінен аспауға тиіс.".

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК